

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

Бұл серияның негізгі демеушісі – егемендігіміздің қабырғасы қатып, бұғанасы бекуіне өлшеусіз зор үлес қосып, еліміздің мерейін асырып, ырысын тасытып отырған ең басты дәулетіміз – қазақ мұнай өнеркәсібін кең қарымды өркендетудің флагманы ретінде танылған «ҚазМұнайГаз» ҰК» Акционерлік қоғамы.

**Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Құттыгерей Смадияр
Бауыржан Сисенов

ТЕЛШЕВТЕР ӘУЛЕТІ



Алматы 2014

УДК 622.32
ББК 26.343.1
С 52

Смадияр Қ.

С 52 **ТЕЛШЕВТЕР ӘУЛЕТІ** / Құттыгерей Смадияр, Бауыржан Сисенов
Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2014.
256 бет, 24 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары.
Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-62-8

Бұл кітап Қазақстан мұнай өнеркәсібін өркендетуге өзіндік үлестерін қосып, сол салада тағалымды еңбек жолдары мен бай тәжірибелерін сарқа жұмсаған абзал азамат Теліш ақсақал, одан тарайтын белгілі геологтар, өндіріс басшылары – Қанапия, Көшен, Жұмахан, Аманжан Телішевтер жайлы жазылған шығарма.

Қазақстан мұнай өнеркәсібі саласындағы елеулі оқиғаларға куә болған қайраткерлердің өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық. Мұрағаттық құжаттарға үңіліп, деректерді жете саралаған автор стратегиялық шикізат қайнары – Атырау өңірінің байлығын, Телішевтер әулетінің ерен еңбектерін барынша айшықтай білген.

УДК 622.32
ББК 26.343.1

ISBN 978-9965-816-62-8

© ОФ «Мұнайшы», 2014

*Теліштің төрт тағаны —
төрт ұлы*

(алғысөз орнына)

*Ассалаумағалейкум, Мақат халқы,
Алашқа мәлім болған атақ даңқы.
Қойнауы қазынаға толған өлке,
Байлығың бар әлемге мадақталды.
Халқымның мәрттігінің белгісіндей,
Салтымен қарсы алатын қонақтарды.
Жайық пен Жем арасын бұрынғы өткен,
Ер жүрек ата-бабам дүбірлеткен.
Жер үшін қанын төгіп, туын тігіп,
Дұшпанын ерлігімен дірілдеткен.
Сахара шөл дала еді бір заманда,
Жазира құлпырып тұр бүгін неткен.
Қазына болған өлке қазағыма,
Базына ақындарым жырын төккен.
Мұнайын жер астынан атқылатып,
Құдайым төгіп тұр зой нұрын көкпен.
Осынау қазыналы Жем бойында,
Ерлерім еңбек еткен ел ойында.
Отанға еңбек еткен талай ерлер,
Бұл күнде жатыр мәңгі жер қойнында.
Айтайын енді әңгіме қарттарымнан,*

*Үлгі алсын алдыңғыдан арттағы ұлан.
Теліш қартпен Жәния әжемізден,
Өрбіген екеуінен төрт бағылан.
Еңбекке араласып жастайынан,
Ата-анаға сүйеу болды төрт жағынан.*

*«Атырау-мұнайлы өлке астанасы,
Доссорым-сол мұнайдың бастамасы.
Қазақтың қара алтынын өндіретін,
Мың сәлем мұнайшылар бас қаласы», –*

деп басталатын осы бір өлең жолы барша мұнайшылар қауымының жанын жадыратып, көңілдеріне көрік сыйлауымен қатар, ғасырдан астам тарихы бар Доссор кентінің бет-бедерін айқындап тұрғаны шындық. Себебі, осыдан жүз екі жыл бұрын осы өңірден мұнай селі атқылап, миллиондаған халық «қара алтын» өндіруге жұмылып, атаның ісі балаға мирас болды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әбілсейіттің «Алғашқы қазақ мұнайшылары және ағайынды нобельдер» атты мақаласында «1911 жылы 23 сәуірде Ескенеде 32, Доссорда 67, Мақатта 31 жұмысшы тіркелген. Осы адамдар қазақ мұнайының бетбұрысты оқиғасына куә болды. 1911 жылы 29 сәуірде Доссорда басталған мұнай фонтанының хабары алысқа тарады. Фонтан 30 сағат бойы атқылап, арты өртке ұласты. Доссор мұнайды Қарашүңгілден бірнеше есе көп бере бастады. Мұнда осы жылы жұмысқа атақты қазақ мұнайшыларының бірі Сабыр Зорбаев (1893-1970) орналасты. Кейін ол осы Доссор, Мақат, Ескене мұнай өндіру кәсіпшіліктерінде жұмысшыдан директорға, басқарма директорының орынбасарына дейінгі еңбек жолдарынан өтті», – деп жазады.

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» Қоғамдық қорының атқарушы директоры, Қазақ политехникалық институтын 1962 жылы бітіргеннен кейін еңбек жолын «МаңғышлақМұнайГазбарлау»

тресі мен «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінің Өзен мұнай барлау экспедициясында коллектор, инженер-геолог, аға геолог, бас геолог қызметтерінен бастаған Сайлау Жылқайдаровтың республикалық «Қазақ үні» газетіне (8 тамыз 2011 жыл) берген сұхбатына сүйенсек, патшалық Ресей XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасырдың бас шенінде Қазақ жеріне ерекше назар аударып, өздерінің шығыс шекараларын нығайту және оңтүстіктегі елдерге шығатын сауда жолдарын кеңейту мақсатында біздің еліміздің әртүрлі аймақтарына саударгерлерді, әскери топографтар мен табиғат зерттеушілерін мезгіл-мезгіл жіберіп тұрды. Атырау облысының ауқымында мұнай бар екендігі жайлы алғашқы дерек Бекович-Черкасский жазбаларында көрсетілген, ол, I Петр патшаның Жарлығына сәйкес, 1717 жылы Хиуа өңіріне Ембі өзенінің төменгі ағысы арқылы жол тартқан әскери-топографиялық экспедицияны ұйымдастырушы болатын. 1768 жылы ұйымдастырылған ғылыми экспедицияның есепнамасында (С.Гмелин, И.Лепехин, П.Паллас) Батыс Қазақстанның геологиясы мен пайдалы қазбалары жайлы кейбір деректер бар, онда көмір, мұнай, жанғыш тақтатастар, өзге де кейбір минералдық шикізаттар туралы айтылған, – дейді. Григорий Силыч Карелин 1827 жылы Қазақ даласының батыс аймағын аралаған, осында топографиялық түсіру жұмыстарын жүргізіп, аймақтың флорасы мен фаунасын зерттеген. Ол мұнда Бөкей ханның ұлы Жәңгір ханмен кездескен. Г.С.Карелин Жәңгір ханға қатты әсер еткен, сондықтан хан оған өзіне кеңесші болып қызмет қылуды өтінген. 1832 жылы Г.С.Карелин Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларын зерттейтін ірі экспедицияның бастығы болып тағайындалған. Экспедиция журналының алғы сөзінде Г.С.Карелин былай деп жазады: «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалаулары өзінің географиялық жағдайы тұрғысынан өте маңызды аймақ, алайда ол өзінің осы мәртебесіне сәйкес келетін дәрежеде зерттелмеген. Теңізшілердің кейбіреулері ғана бұл шөлді аймаққа бас сұққан, онда да тиіп-қашып қана. Табиғат зерттеушілерінің ешқайсысы да Гурьев пен Көне Маңғыстау аралығында

900 шақырымнан астам қашықтыққа созылып жатқан жағалауларда болып көрмеген. Бұл аумақ шынында да ауқымды аймақ, ал оның біздің болашақ саудаларымыз бен Орталық Азия елдерімен саяси қатынастарымыздың шын мәніндегі кілті екендігін ескерсек, оның мәртебесі бұрынғыдан да биіктей түседі».

Батыс Қазақстан аймағын зерттеушілер әсіресе Маңғыстау түбегіне баса назар аударды. Бұл өңірді зерттеу 1846 жылы басталды, бұл жылы М.И.Иванкиннің экспедициясы Маңғыстау түбегінде алғаш рет мұнай белгілерін тапты. 1887 жылы геологтар Н.И.Андрусов пен М.В.Баярунас маршруттық түсіру жұмыстарын бастады. 1851-1853 жылдары Бозашы түбегін зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Экспедицияның материалдары 1855 жылы Ресей Географиялық қоғамның хабаршысында жарияланды. Бұл еңбекте Үстірттің, Маңғыстау және Бозашы түбектерінің жер бедері, гидрографиясы, өсімдік жамылғысы жан-жақты талданған, осы аймақтарға геологиялық шолу жасалған, олардың жер асты сулары, топырағы және климаты сипатталған. Аймақты геологиялық тұрғыдан бағдарлы түрде зерттеуде және оның мұнай байлықтарын ашуда 1892 жылы геолог С.Никитиннің басшылығымен жіберілген арнаулы экспедицияның маңызы зор болды, оның негізгі мақсаты Түркістанға тартылатын темір жол трассасын және аймақтың табиғи байлықтарын зерттеу болатын. Экспедиция, сонымен қатар, ауыз су көздерін іздеумен де пәрменді түрде шұғылданды, кейінірек фосфориттер мен көмір көздерін іздеу шаралары да жүзеге асырылды. С.Никитин экспедициясы анықтаған және жағымды бағаланған Қарашүңгілдегі, Доссордағы және Ескенедегі мұнай белгілері сол кездегі мұнайшы жұртшылықты елең еткізді. Көп кешікпей-ақ Жайық-Ембі өңірінде, Батыс Қазақстанның өзге де аймақтарында мұнай көздерін іздеу және барлау мақсатын көздеген көптеген қоғамдар, серіктестіктер және фирмалар пайда болды. Олардың ішіндегі ең ірілері Жайық-Каспий мұнай қоғамы, «Ембі-Каспий», «Ағайынды Нобелдер серіктестігі», «Ембі», «Орал мұнайы» т.б. деп аталды. Мұнай барлаудың алғашқы ны-

сандары Доссор, Қаратон, Қарашүңгіл және Ескене өңірлері болды. «Ембі-Каспий» қоғамының концессиясын иелікке алған С.Леман компаниясы Қарашүңгілде тереңдігі 38 метрден 275 метрге дейінгі 21 ұңғыма бұрғылады. 1899 жылдың қараша айында осында бұрғыланған №7 ұңғыманың 40 метр тереңдігінен жеңіл мұнайдың біршама қарқынды бұрқағы алынды. Осы оқиға көне қазақ жерінен мұнай көзі ашылуының бастауы, яғни Қазақ мұнайының туған күні, деп есептелінеді. 1910 жылы С.Леман компаниясы, «Орал-Каспий» қоғамына ағылшын кәсіпкерлерінің қаржысын тарта отырып, Доссор өңірінде терең бұрғылау шараларын ұйымдастырды. 1911 жылдың 29 сәуірінде Доссорда №3 ұңғымада 226 метр тереңдіктен қарқынды мұнай бұрқағы алынды, сөткелік дебиті 213 тонна болды. Орал облысының 1913 жылғы Әскери губернатор есепнамалық шолуында былай делінген: «...Орал облысының Гурьев уезінде бірталайдан бері жүргізілген барлаулар оң нәтижесін берді. 1913 жылы Орал-Каспий Мұнай Қоғамы Доссордан 4 450 615 пұт мұнай өндірді». 1900-1917 жылдар аралығында іздеу-барлау жұмыстарымен Ембі ауданы ғана емес, Еділ-Жайық аралығы (Новобогат, Қара Өзен), Батыс Мұғалжар маңы (Мортық, Итассай), Каспий маңының орталық бөлігі (Мәтенқожа) және Ақтөбе-Орал өңірі (Жуса) де қамтылды. Барлауға 20 құрылым мен алаңшалар тартылды, оларда 166 барлау және 117 игерім ұңғымалары бұрғыланды». 1874 жылы Қарашүңгілдегі, Доссордағы және Иманқарадағы мұнай шығымдарын зерттеген Ресейдің Геологиялық комитетінің тау-кен инженері Д.Кирпичников былай деп жазған: «Мұнайдың мол шоғырлары бар екендігіне ешбір күмән жоқ, алайда бұл байлыққа қол жеткізу оңайға түспейді, себебі мұнда ауыз су жоқ, елді мекендермен қатынас, шабындыққа қолайлы шалғындар мен далалар да жоқ». Ал, тарихи мәліметтерге көз жүгіртсек, XX ғасырда Ресей кәсіпорындарында тоқырау қанат жайып, жұмысшылар көшеге көптеп шықты. Қазақ шаруаларының арасында жоқшылықтың тауқыметін тартып, кедейшілікке ұшырағандар да көбейе

түскен-ді. Осы жағдайлар өлкенің үлкен демографиялық өзгерістерге ұшырауына себепкер болды. Әртүрлі мақсатпен ағылған халықтың тағдыры Доссорда тоғысып, иен даланың төсінде жаңа мекендердің бой көтеру процесін тездетті. Осыдан-ақ, өндіріске адамдар әрқилы жолмен келіп қоныстанғанын байқауға болады. Айталық, алғашқылар – іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеген экспедицияның, бұрғылау тобының мүшелері. Олардың басшылары мен жетекші мамандары көбіне мұнай қоғамдары қоныс тепкен қалаларда іріктеліп, құрамы (көбіне қара жұмысшылар, жегін малдың бақташылары, лау айдаушылар, жүкшілер т.б.) жергілікті халықтан толықтырылатын болған. Маман жұмысшылар Баку, Грозный сияқты мұнайлы аудандардан, Орынбор, Қазан т.б. өндірістік орталықтардан шақыртумен шоғырланғанға ұқсайды. Олардың кәсіби шеберлігі жоғары болумен қатар саяси көзқарасы қалыптасқан, еңбек адамдарының мүддесі үшін күресті ұйымдастыру тәжірибесі мол еді. Негізі, іздестіру-барлау және бұрғылауда қол күші көп пайдаланылатын. Жер қазу тағы басқа топырақ жұмыстарында да маңдай тері аз төгілмейтін. Бұл жұмыстарды атқаруда ең арзан жұмысшы күші қазақтар болғаны түсінікті. Олар құрал-жабдықтарды, бұрғылау қондырғыларын, тұрбаларды және басқа керек-жарақты тасымалдауға жалданды. Бұл жұмысқа қазақтардың екі жолмен келгенін айта кету ләзім. Оның біріншісі – патша өкіметінің жергілікті орындары кәсіп иелерін әрдайым қолдап отырды. Олар мұнай қоғамдарының сұранысын орындап, төңіректегі болыстарға жүк тасымалы мен еңбекке міндеттілік жүктелді. Қоғам өкілдері де тұрғындар арасында болып, жұмысқа шақырып үгіттеген. Бірақ, ауылнайдың айдауымен, болыстардың итермелеуімен жұмыс жасағандардың тұрақтауы қиын болды. Соған сай Жайық-Каспий қоғамының басқарушысы Н.Леман «Бір айға жалданған қырғыздар (қазақтар) екі аптадай жұмыс жасаған соң, кетіп қалады. Еңбекке міндеттілік жұмыстарын өтегенін қанағат тұтады да ар жағына қиналмайды», – деп жоғарыға баяндау хат түсірген. Екіншісі –

«Мұнайға барсаң – кенелесің» дегендей қауесет еті тірі, бірақ таршылық тауқыметін тартып жүрген жігіттерді тыныш жатқызбай Доссорға жетуге асықтырғаны кәміл. Олардың көбі мұнда өз орнын тауып, мұратына жеткені де аян. Соның айғағы – «Жер майы» шығарылып жатқан аймаққа Батыс Қазақстанның барлық түкпірінен қазақтардың көптеп келгені. Осы тұста, Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қаз басып қалыптасуына айтулы үлес қосқан мұнайшыларымыздың ата жұртын еске алсақ, жоғарыдағы пікірді нақтылай түседі. Мысалы, Республиканың тұңғыш Әділет министрі Боран Айтмағанбетов – Саркөлден, Кеңес Одағының Батыры Мұса Баймұқанов пен қазақ мұнайының Бас Сардары атанған Сафи Өтебаев – Қарабаудан, Лениндік сыйлықтың лауреаты Жолдасқали Досмұханбетов – Быланнан, Біріккен Гурьев-Доссор совдепінің хатшысы болған Мұқанбетқали Сартов – Жылыойдан, алғашқы мұнайшылар Құбаш Меңешов – Махамбеттен, Ермек Дүтбаев пен Мұқаш Жұмағазиев – Атыраудан, «Алаш» арыстарының бірі Беркінғали Атшыбаев – Қызылқоғадан еді. «1923-1924 жылдары ғана күллі Ембіде жағдай өзгеріп, ескі кәсіпшіліктерде бұрғылау жұмыстары ойдағыдай жүре бастады. Тек бір жылдың ішінде пайдалануға берілген ұңғымалар саны бір жарым есе өсіп, терең барлау-бұрғылаумен 5 аймақ қамтылды. Бұл аймақты барлау және пайдалану оңайға түскен жоқ, – деп еске алатын белгілі мұнайшы-ардагер, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген барлаушы-геолог Рахымжан Сағындықов. – Жұмысты жаңадан қайта бастауға тура келді. Доссор, Мақат сияқты мұнай кәсіпшіліктерін қайта кәдеге асырып, пайдалану үшін жол қатынасының жоқтығы көп кедергі жасады. Бұл қиыншылықтардан шығу үшін алғашқы шаралардың бірі ретінде 1926 жылы Доссор-Гурьев тар табанды теміржолы пайдалануға берілді, одан әрі су жолы басталатын. Сонда да кемелерге мұнай құю, оны тасу жеңілге түскен жоқ». (Ардақ Қонысқалиев «Майлы қиян – Мақат» кітабы, «Өлке» баспасы, 2005). Сөйтіп, барлық жерден жиналған 200 бөшкеге толы 15-20 мың пұт мұнай орталыққа жөнелтілген еді. Осыған орай, Орал –

Ембі мұнайлы ауданын өркендету үшін ең алдымен оның транспорт байланысы жөніндегі проблемасын шешу қажет екендігі Кеңес өкіметінің алғашқы қадамында-ақ айқындалды. Бұл мезгілде Доссордағы 25 гектар жердің басым көпшілігінен мұнай алынған болатын. Әрбір гектардан 80 мың тоннаға дейін мұнай өндірілсе, бұл мұнайдың 10 мың тоннасын алуға 270 метр жер бұрғыланды. Ал Грозныйда 300-400 метрге дейін бұрғыланған еді. 1920 -1929 жылдары Орал-Ембі өндірісінен 1632,1 мың тонна мұнай өндірілді. Бұл революцияға дейінгі мұнайдан 9 пайызға көп еді. Барлық өндірілген мұнайдың 89 пайызы Доссордан алынса, 11 пайызы Мақаттан өндірілді. Революциядан бұрын мұнай тек жердің жоғарғы қабаттарынан алынды. Ал төменгі қабаттар (юра, пермотриас) барлаусыз қалып отырды. Сондықтан да «Эмбанефть» тресінің Мақат өндірісін қайта барлап бұрғылауынан кейін 1928 жылы Мақаттың пайдалану қорындағы ұңғылар саны 80-ге жетті. 1927 жылғы ақпандағы Бүкілодақтық халық шаруашылығының мұнай өндірісі кеңесінде Орал – Ембі мұнайлы өндірісін дамыту жөнінде әдейі қаулы қабылданды. Тұжырымды зерттеп жүргізу үшін Орал – Ембі мұнайлы өндірісі 6 аймаққа бөлінді. Олар: Доссор – Орталық, Оңтүстік, Новобогат, Иманқара, Терісаққан және Темір аймақтары.

1. Доссор аймағына Сағыз өзені бойындағы мұнай алаңдары, оның терістігіндегі газ алаңдары, ең солтүстік шетіне Мәтенқожа кірді. Бұл аймақта Доссор мен Мақатта мұнай өндіріліп, оған таяу жерде Ескене, Сағыз, Байшонас, Тентексор, Бекбике т.б. мұнайлы алаңдар болды. «Эмбанефть» тресі Мақат-Доссордағы база, құрал-жабдықтарды пайдаланып, бұл аудандардың таяу уақыттағы барлау жұмыстарын тездетуді жоспарлады.

2. Оңтүстік аймаққа Жем (Ембі) өзенінің оңтүстігіндегі, сондай-ақ осы өзеннің төменгі жағындағы Қарашүңгіл, Қаратон, Мұнайлы, Қосшағыл, Төлес тағы басқа алаңдар жатты.

3. Новобогат аймағына сол уақыттағы белгілі болған Жайық өзенінің батыс жағы, Каспий теңізі жағалауындағы қос өзен

аралық мұнай-газ алаңдар кіреді. Бұл маңда революцияға дейін барлау жұмыстары жүргізіліп, тек №1 – Новобогаттан жеңіл мұнай алынған болатын.

4. Иманқара аймағына Иманқара тауының маңындағы мұнайлы алаңдар жатқызылды. Бұл жерлерде революцияға дейін елеулі барлау жұмыстары жүргізілген жоқ еді. Тек мұнай бар деген жорамалдар мен жер бетіндегі азды-көпті мұнай сіңіп, қатып қалған асфальт – битумды құмдардың белгілері болды.

5. Терісаққан аймағына Дөңгелектер және Сағыз өзенінің жоғарғы жағы мен Жем өзенінің орта шеніндегі 15-ке жуық аз зерттелген алаңдар жатқызылды.

6. Темір аймағына Кейкібас, Мартөк, Орынбор – Ташкент теміржолына жақын жатқан алаңдар енді. Бұл теміржол қажетті материалдар мен барлау құралдарын жеткізуге үлкен септігін тигізді. Аталған аймақтардың ішінде іздестіру, барлау жұмыстарын жүргізуге қолайлысы – Доссор, Новобогат, Темір және Оңтүстік аймақтар болды.

В.Лениннің инициативасы бойынша Александров – Гай – Ембі теміржолы салына бастады. Сол кездің өзінде-ақ Ембі кәсіпшіліктерінен Волгаға дейін мұнай құбырын алу алға қойылды. 1920 жылдың сәуірінде Орал – Ембі ауданының мұнай кәсіпшіліктері басқармасы құрылды. Оған кәсіпшіліктерді қалпына келтіру және Ембіде мұнай өндіруді өрістету жұмысы тапсырылды. Бірінші бесжылдықтың басталуына дейін негізгі күш бұрынғы кәсіпшіліктерді қалпына келтіруге және ескі екі кәсіпшіліктің Доссор мен Мақаттың алаңдарынан мұнай өндіруді одан әрі дамытуға бағытталды. 1920-1924 жылдары Доссор кәсіпшілігін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 1925 жылы Мақат кәсіпшілігі пайдалануға берілді. 1928 жылы Ембіде мұнай өндіру көлемі 1920 жылмен салыстырғанда 8,3 есеге өсті. Мұнай өндіру көлемі жөнінен Ембі сол кезде одақ бойынша 4-орын алды. Сөйтіп, одақта өндірілетін мұнайдың 2,1 пайызын берді. 1923-1924 жылдары мұнай өнеркәсібі мемлекет меншігіне алынғаннан кейін, тұңғыш

рет Ембідегі жұмыс істеп тұрған кәсіпшіліктерде жаңа ұңғыларды үздіксіз бұрғылау және жаңа кендерді барлау, бұрғылау басталды. Бірінші бесжылдық басталғанға дейін бұл жұмыстар, ең алдымен ескі Доссор мен Мақат кәсіпшіліктерінің алаңдарында жүргізіліп, ал терең бұрғылаумен тек 8 жаңа кен орны ғана барланды. Мұның өзінде сол кезде жүргізілген бұрғылау жұмыстарының (жалпы көлемінің) тек 22,1 пайызы осылардың үлесіне тиді.

Барлаудың жоғары өнімді геофизикалық әдістері тұңғыш рет Ембіде 1925 жылы қолданыла бастады. Алайда, мұнай өндіру мен бұрғылаудың кең өрістеуіне энергетикалық және механикалық базалар қуатының мүлдем жеткіліксіздігі мен мұнайшы мамандардың жетіспеуі кедергі келтірді. Сондықтан ФЗО мектептері ашылды, онда көптеген жастар техник, инженер мамандықтарын алып, кәсіпшіліктерге жіберілді. Мұның бер жағында, елді сұйық отынмен және жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз етуде Ембі мұнайының орасан зор маңызы болды. Елдің шеткері аймағына орналасқан Бакуден, Грозный мен Майкоптан Ембі кен орнының өзгешелігі мынада еді: Ол өзінің географиялық жағдайына қарай, одақтың Европа мен Азия бөліктерін мұнай өнімдерін жабдықтап отыру үшін екі жаққа да қолайлы еді. Ембі кенінің екінші артықшылығы – одақтың басқа мұнайлы аудандарына қарағанда, мұнда мұнайдың тайызырақ жатқандығында және жерінің анағұрлым оңай бұрғыланатындығында болатын. Мысалға айтар болсақ, Доссор, Мақаттағы ұңғылардың тереңдігі Баку ауданындағыдан 2,4 есеге (тайыз), ал, Грозныйдағыдан 3 есеге кем. Осының бәрін Ембідегі мұнайдың потенциалды қорының орасан көптігі толықтыра түсті. Бірінші бесжылдық басталғанға дейін бұл ауданнан мұнай кендері тіркес жатқан 250-ден астам тұз күмбездері табылды. Сол кезде Ембіні зерттеген білікті геологтар осы тұзды күмбездердің көпшілігі өнеркәсіптік мұнайлы-газды болады деп жорамалдады. Ал, академик И.Губкин болса Ембінің болашағын өте жоғары бағалады.

«Ембі облысы – деп жазды ол, – геологиялық жағынан әлде де

толық зерттелмегенімен және осыған қарамастан ол өркендеуіне қолайлы жағдай туса, өзінің өндірістік қуаты жөнінен Баку мұнайлы ауданымен теңдесе алатын, аса бай мұнайлы аудандардың бірі».

Ембі кенішінің бұдан да маңыздырақ артықшылығы – мұнда өндірілетін мұнай сапасының жақсылығында. Мысалы, Доссордың майлы мұнайы өте сапалы шикізат, одан Баку мұнайымен салыстырғанда арнаулы майлар 6-7 есе көп алынады. Міне, сондықтан да Ембінің бірінші бесжылдық жоспары 2,5 жыл ішінде орындалғаны мәлім. Бұған Ембі мұнайшыларының да көп күш-жігер жұмсағаны белгілі.

Екінші бесжылдықта Ембі мұнайшыларының алдына жаңа алаңдарды, ең алдымен, екі аймақта: Оңтүстікте – Доссор аймағында және Солтүстікте – Темір ауданында барлауды барынша шапшаңдату міндеті қойылды. Соның нәтижесінде, екінші бесжылдықтың соңғы жылында жаңа кәсіпшіліктер Ембіде өндірілген барлық мұнайдың жартысынан көбін берді. Бұл бесжылдықта электр станциялардың қуаты Ембіде 6,3 есе, ал бұрғылау жұмыстарының көлемі 39 пайызға өсті. Мұнайшылардың саны жергілікті халық есебінен едәуір көбейді. Гурьев мұнай техникумы бесжылдықта 200-ден астам техниктер даярлап шығарса, көптеген жас жұмысшылар кен өнеркәсіп училищесін бітірді.

Сол сияқты, Ембі мұнайлы ауданы үшінші бесжылдықта бұрынғыдан да шапшаң қарқынмен өркендеді. 1940 жылы екі жаңа кәсіпшілік – Құлсары мен Сағыз пайдалануға берілді. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін, яғни 3,5 жыл ішінде мұнай бүкіл бірінші бесжылдықта 65 пайызға, екінші бесжылдықта 52 пайызға көп өндірілді. Мұнай кәсіпшіліктерінің энергетикалық базасы едәуір ұлғайып, соғыстан бұрынғы үш бесжылдықтың ішінде Қазақстанның мұнай өнеркәсібі адам танымастай өзгерді. 1940 жылы Ембіде мұнай өндіру 1913 жылғы деңгейден алты есеге жуық асып түсті. Ал, соғыстан бұрынғы үшінші бесжылдықта жүргізілген бұрғылау жұмыстарының көлемі бүкіл революциядан бұрынғы дәуірде істелген жұмыстан 14 есе асып түсті. Мұнай құбырынан

басқа 500 шақырымдық Гурьев – Қандыағаш теміржолының маңызы да зор болды.

Мақат аудандық мұрағатында сақталған құжатта 1920 жылы Доссор кәсіпшілігіндегі жұмысшылар мен қызметшілердің тізімі 3700 адам деп жазылған. Олардың 464-і орыстар, 591-і қазақтар, қалғандары басқа ұлттың өкілдері. Және бір құжатта оларды Астрахан, Бузулук, Самар, Орынбор тағы басқа қалалар мен Сібір, Вят, Тамбов, Пенза, Рязань, Қазан губерниялары, Сыртқы Каспий және басқа губерниялардан тағдыр айдап келгені көрсетіліпті. Ал 1925 жылы мұнайшы мекендерде (Доссор, Мақат, Ракөш) 4667 жан болған. Олардың 3043-і қазақ, 1527-і орыс, қалғандары басқа ұлттың өкілдері екен. Осыған қарап, мұнайлы аймақты қоныстанушылардың дені жергілікті халықтың өкілдері мен орыс екенін аңғару қиын емес. Ал олардың осы араның тұрғындары болып қалуы мұнайға байланысты болғаны түсінікті. Демек, Доссор мен Мақат барлық рулар мен ұлыстардың араласып, сіңісіп кеткен аймақ болуымен қатар, тағдыр айдап келген шет жерліктер үшін де қастерлі мекенге айналды.

Міне, пәленбай ұлт өкілдерін бір арнаға тоғыстырған Доссор мұнайының игерілгеніне содан бері ғасырдан астам уақыт өтіп, мұнайшылық дәстүр әкеден балаға, баладан немереге жалғасып келеді. Сөйтіп, бір ғасыр бойы жер нәрін ел ырыздығына ақтарған Доссор кен орны, қазақ мұнайшыларының үлкен өндіріс мектебіне айналған құт мекен атанып тарихта тағылымды із қалдырды. Ал, ол жерден қаншама мұнайшы маңдай терін сорғалатып, жеті қат жер астынан мұнай іздеп, оны халық кәдесіне жаратты десеңізші?! Солардың арасында Теліш қарттан өрбіген ағайынды Қанапия, Жұмахан, Көшен, Аманжан Телішевтер де талай тың алаңдарға бұрғы бойлатып, жаңа кеніштердің ашылуына сүбелі үлестерін қосты. Әу баста, олардың әкесі Теліш қартта жоғарыдағы мақсатты алға қойып, Атырау қаласынан мұнай селі атқылаған Доссор промыслаына табан тіреген еді. Алғашқы әзірде қара жұмысшы болып қызмет атқарған Теліш Дүрегейұлы аты шулы Қазан төңке-

рісінен кейін әлгінде айтқан Доссор промысында жұмыс істеді. Жастайынан жон арқасы тілініп, маңдай терін сорғалата еңбек еткен Теліш қарттың арманы – ұлдарым азамат деген абыройлы атқалайық болса екен деген игі тілек еді. Өзі қарапайым шаруа иесі бола тұра балаларына тағылымды тәлім-тәрбие беруден аянған жоқ. Әрдайым, олардың ешкімнің ала жібін аттамауға, өмірден өз орындарын табуға, ерінбей еңбек етуге баулыды.

– Атамыз қара жұмыстың адамы еді. Ешкімнің ала жібін аттамайтын. Өзі менің әкемнің қарамағында ат жетектеуші болып қызмет етті. Ол кезде мұнайды ат, түйе арбалармен тасығаны мәлім. Әкем Сәрсенғали сол шақта Жүк тасымалдау көлігінде (ГУЖ транспорт) қызмет етті. Менің осы әулетке келін болуыма екі себеп болды. Біріншісі Алла тағаланың қалауы болса, екіншісі Теліш атамыздың маған деген ықылас ниеті. 1955 жылы Аманжан институт бітіріп келгенде мен мектеп жасындағы оқушымын. Бір күні Теліш атамыз баласы Аманжанға «Көріп алсаң көріктіні ал, Таңдап алсаң тектіні ал» деген мен адам танысам осында (ол кезде Ескенеде тұрады) тұратын Сәрсенғалидың қызы нағыз біздің әулетке келін болатын, қолқанаттыққа әбден лайық қыз. Сондықтан, осы қызға құда түсейік», – деп ақылын айтады. Аманжан да оны құптайды. Оған әкем де қарсы болмады. Сөйтіп, мен 18 жасымда Теліш қарттың босағасын аттадым. Құдайға шүкір, қазақы қағида бойынша атамыз Теліш пен енеміз Жәниядан қалған қара шаңыраққа иелік етіп, осы күнге дейін сол шаңырақ отын сөндірмей ұрпақ өсіріп, немере сүйіп келе жатырмын. Бұл да сол Теліш атамыз артқан сенімнің орындалуы болса керек, – дейді Теліш қарттың кенже келіні Тойған Қоңырбаева.

Иә, Теліш қартта сол түйемен мұнай таситын кезде қызмет етіп, Жүк тасымалдау көлігі мекемесінде ат жетектеуші болып жұмыс істеді.

Қашанда, «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» демекші, әрдайым әр азамат жеті атасын білуі шарт. Осы орайда, Теліш қарттың шежірелік түзілімдері былайша өріледі. Он екі ата

бай ұлының бір баласы Шеркеш болса, одан Қылыш Кестен, Қылыш Кестеннен Сәңкібай, Естай, Базар, Қожантай. Сәңкібайдан Сырлыбай, Естайдан Есенбек, Бәсібек, Маққан, Қарақан, Киікбай, Қаракүшік, Киікбайдан Абай, Қаракүшіктен Мұса. Базардан Досмұхамбет, Дүрегей. Қожантайдан Есқожа. Дүрегейден біз әңгімелеп отырған Теліш қарт және Бабай, Мешітбай сынды азаматтар туған. Ал Теліш ақсақалдан Қанапия, Көшен, Жұмахан, Аманжан есімді төрт ұл өрбігенін сөз басында айттық.

– Аталарымыз тұңғыш мұнай өндірісі Доссор, Мақат кәсіпшіліктерінде еңбек етіп, мұнайды сонау ағылшындардан, кейіннен кеңестік мұнай кәсіпшілігінде мұнай өндірумен және оны түйелермен Ракуша портына тасыған, – дейді Теліш қарттың немересі Мұқыш Қанапияұлы.

– Ол жерден Бакуге ағайынды Нобельдердің мұнай кәсіпорындарына жеткізілген. Атамыз Теліштің жұбайы Жәния Табын руының қызы. Жігіт кезінде жазғы жайлауға көшіп жүргенде атамыздың көзі талдырмаш келген қызға түсіп, кезекті бір сапарында атқа отырғызып үйіне алып келген. Әжеміз біздің кішкентай кезімізде біраз жасқа келгенмен, өңін бере қоймаған келбетті де сұлу адам еді. Төрт ұлынан тараған немерелерін аялап, ыстық алақанына салып бағып қақты. Теліш атамыз сұстылау келген қайратты адам еді. Немерелерінің ішінде ұлдарын қасынан тастамай, кімнің қандай ағайын екендігін үнемі айтып, бес уақыт намазын қаза қылмайтын. Мен ес білгенде атам мен әжем Ескенеде кіші ұлы Аманжанмен бірге тұрды. Өлі есімде маған ол үй сол елді-мекендегі ең әсем де көрікті жерде орналасқан, жиденің жұпар иісі аңқыған, бау-бақшасы жайқалған, сәулетті қала ретінде әсер қалдыратын. Көктем шыға атам мен әжеміз жайлауға шығып, киіз үй тігетін. Таза ауа, маса-тыдай құлпырған кең далада тыныстып, аса дәмді түйенің шұбатын ішетінбіз. Жаз айларында әжем немерелерін міндетті түрде өзіне жинап алып, төрт ұлынан өрбіген ұл-қыздарына ақыл-кеңесін айтып, тәрбиелейтін. Ғазиз әжеміздің арқасында төрт ұлының ұрпақтары төртеуін де «әке» деп атап кеттік.

Жоғарыда айтқанымыздай, Дүрегейден Теліш, Бабай, Мешітбай деген үш ұл туған. Соңғысы Мешітбай 18 жасында отбасы құрмастан Ұлы Отан соғысына аттанып, оралмаған. Бабай мен Теліштің еншілері бөлінбеген. Мұқыш Қанапияұлының айтуынша, Бабайдың жолдасы Сақып өз шаруасын жетік білетін, тазалықты мықтап сақтайтын ана болыпты. Бабай 95 жасқа келіп, оның зайыбы 85 жасқа жетіп дүниеден озған. Ұзақ жыл барлаушы болып қызмет еткен Бабайдың еңбегі кезінде жоғары бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденін иеленген. Зейнеткерлік жасқа шыққаннан кейін Даңғар елді-мекенінде бірнеше түйе ұстап, жеке шаруашылықпен айналысқан. Ұлы Есенгелді жас кезінен көлік жүргізуші мамандығын игеріп, өз ісінің шебері атанған. Заманында, Доссор ауылдық кеңесінде жүргізуші болып жұмыс істегенде бірнеше жыл тынайған жерлердегі егіс өнімдерін жинаудағы ерен еңбегі үшін Қазақстанның комсомол жастар сыйлығының лауреаты атанып, бірнеше медалдармен марапатталған.

– Теліш қарттың кенже ұлы Аманжан Мақат кәсіпшілігіне бас геолог болып қызмет істейтін кезден бастап көрші тұрдық. Теліш қартты да оның зайыбы Жәнияны да көзіміз көрді. Нағышылы – жиенділігіміз бар болатын. Жеңгіміз Жәния ауызы берік, сөзі салмақты, ешқандай артық ауыз сөзі жоқ парасатты адам еді. Ешқандай жаман атын көрген жоқпыз. Көрші ретінде жақсы сыйластық. Ата-ананың парызы қыз ұзатып, келін түсіру болса, Теліш ағамыз бен Жәния жеңгіміз ұлын ұяға, қызын қияға қондырған азамат. Ұлдары Қанапия, Көшен, Жұмахан, Аманжан бәрі де атақты мұнайшы атанып, кезінде жемісті еңбек етті. Бәрі де әкенің ізгілігін жалғастырды. Олардан өрбіген ұл-қыздар қазір жан-жақта абыройлы еңбек етіп жатыр. Үлкен ұл Қанапия соғыс жылдарында, одан кейін атақты бұрғышылар қатарында еңбек етіп, мәртебелі атқа ие болды. Жұмахан Мақат аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы деген үлкен беделге ие лауазымды қызметті атқарды. Қара шаңырақтың иесі – Аманжан артық ауыз әңгімесі жоқ, ортасына сыйлы, ақ көңіл азамат болды. Оның

келіншегі Тойған Аманжан дүниеден өтсе де, отбасының берекесін сақтап, балаларын азамат етіп өсірді. Мұның барлығы Теліш ағамыз бен Жәния жеңгемізден алған тәлімді тәрбие деп есептеймін, – деп еске алады қарт мұнайшы, Мақат ауданының Құрметті азаматы Елемес Үмбетаев.

– Менің руым Шеркеш, оның Қылышкестен бөлімі, Сәңкібай тармағынанмын. Доссор кентінде көптен бері тұрамыз, – дейді Теліш қартқа ағайын болып келетін Тұрғали Дүйсенбеков – Шежіреші қарттардың айтуынша, ағамыз Дүйсенбек пен Дүрегейдің әкесі бірге туған. Айталық, Дүйсенбек ағамыздан Байғали, одан Сапар, Тұрғали туады. Олар Доссор мұнай кәсіпшілігінде көп жылдар мұнайшы болып жұмыс жасады. Ал, Дүрегей ағамыздан Теліш, Бимұқан (Бабай), Мешітбай деген қарттарымыз туған. Мешітбай ағамыз 18 жасында Ұлы Отан соғысына кетіп, жоқ болды. Теліш ағамыздан Қанапия, Көшен, Жұмахан, Аманжан ағаларымыз өрбіді. Кішкентай бала күнімізде араласып тұрдық. Бәрінде көре қалдық. Жақсы азамат болып өсті. Теліш пен Бимұқан мұнай саласында қара жұмысшы болды. Теліш қарттың балаларының үлкені Қанапия деген ағамыз мұнайдың айналасында жастайынан жұмыс жасады. Мақат, Жылыой, Маңғыстау аудандарының бірқатар жерлерін аралап, мұнай іздестіру (экспедиция) саласында барлаушы, бұрғылаушы болып көп жылдар жемісті еңбек етті. Өз басым 1951-1957 жылдары Мақат ауданының Даңғар, Таңатар мұнай кәсіпшілігінде жұмыс жасағанын жақсы білемін. Өйткені, Даңғардың басында жертөледен жасаған, қасында саман тастан салған кішкене ғана үй болды. Сол жерге су таситын машинамен талай рет барып едім. Сондағы Қанапия ағамыздың тынымсыз еңбегі, пәк пейілді мінезі ешқашан есімнен кетпейді. Одан кейінгі ағамыз Көшен Ұлы Отан соғысына қатысып, ауылға келгесін әр түрлі басшылық жұмыстарды атқарды. Ал, Жұмахан ағамыз Мәскеудің мұнай институтын инженер мамандығы бойынша бітіріп, қарапайым жұмысшыдан басшылық жұмысқа дейін көтерілсе, Аманжан

ағамыз да аталмыш институтты тәмамдап, геолог болып өмірден өткенше жұмыс істеді. Қысқасы Теліш қарттан тараған төрт азаматта абыройлы атаққа ие болып, өздерінің туған жеріне аянбай еңбек етті. Олардан өрбіген ұрпақтар Қазақстанның түкпір-түкпірінде жұмыс бабымен, отбасы жағдайымен тарап кеткен. Әрқайсысы өз мамандықтарының жемісін көріп жүр. Міне, ұрпақтар сабақтастығы деген осы болар сірә?!

Әрине, әркез әкенің ізгілікті ізін басу кез-келген азаматтың мұқалмас парызы. Біздің ойымызша, Теліш қарттың төрт ұлы да әкенің тілегін орындап, өмірден өз орындарын тауып, мұнайшылық жолды кәсіп еткен азаматтар. Олардың барлығы да елдің игілігі болған «қара алтын» өндіруге аянбай атсалысып, мандай терін сорғалата еңбек етті. Сөйтіп, мұнайшы деген абыройлы атқа лайық болды. Демек, әке армандағанды ұрпақтары ұлағат тұтып, оның ойдағыдай орындалуына септесіп жатса, әке тәрбиесінің желге ұшпағаны. Осы орайда, біз әке тілегін тағылым тұтқан атақты мұнайшылар Қанапия, Көшен, Жұмахан, Аманжан туралы сөз қозғап, олардың өмір жолдарына жеке-жеке тоқталып, кеңірек әңгіме өрбіткенді жөн санадық.

Жалпы, ағайынды Балғымбаевтар, Өтебаевтар, Оржановтар, Бөлекбаевтар, Таңқыбаевтар, Хисметовтар, Телішевтер, Сағынғалиевтер, Балжановтар, Құдабаевтар үрім-бұтағына дейін осы өлкенің ардагер азаматтары, өз тағдырының қожасы болған. Мұндай әулеттерді санап жеткізудің өзі қиын. Мұндағы ақиқат сол – күні кеше бірде-бір маман жұмысшы болмаған елдің кез-келген ұл-қызының маман мұнайшы болуы, өлкенің иесі өздері болуы. Қазір мұнай өндірісінің қай саласына барсаң да білікті де білімді қазақпен кездесесің. Ал, Қазақстан мұнай өнеркәсібінде жасайтын жұмысшы мен қызметкердің дені қазақ болса, қандай ғажап. Ежелгі Ембі, мұнайлы Маңғыстау мен қазыналы Қосөзен аралығын, Ақтөбе мен Орал аймағын игерушілер республика қуатын арттырып жатқан белді жұмысшы легі болып саналса, оған кім қуанбас.